



2016 жылғы 29 наурыз

Астана, Үкімет Үйі

от « _ » _____ 201_ года

№ 20/П-194

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісі

**«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қазақстан Республикасында офистер құру және олардың жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қазақстан Республикасында офистер құру және олардың жұмыс істеуі туралы келісімге қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 21 қаулысымен Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қазақстан Республикасында офистер құру және олардың жұмыс істеуі туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

Келісімге Швейцарияда Давос қаласында 2016 жылғы 21 қаңтарда өткен Дүниежүзілік экономикалық форум аясында қол қойылды.

1994 жылы Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму банкі (Дүниежүзілік банк) арасында Алматы қаласында тұрақты өкілдікті құру туралы келісімге қол қойылды.

Астана қаласында Дүниежүзілік банк өкілдігінің ашылуына байланысты Алматы қаласындағы офис Аумақтық офис мәртебесін иеленіп, қазіргі таңда Дүниежүзілік банктің Орталық Азияның бес мемлекетіндегі қызметін қамтамасыз етеді.

Жаңа келісім Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы барлық офистері мен қызметкерлерінің мақсаттарын, мәртебесін, артықшылықтары мен иммунитеттерін айқындайды. Берілген артықшылықтар, иммунитеттер мен жеңілдіктер адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын негізсіз кеңейтуге немесе шектеуге әкеп соқпайды. Осыған байланысты теріс әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды.

Бланк сериялық нөмірісіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі даярда жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарарда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қазақстан Республикасында офистер құру және олардың жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізеді.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

 **К. Мәсімов**